

1. Әйелдер бригадасы (Женская бригада), 7 январь



СОЦИАЛИСТИК ҚАЗАҚСТАН

Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің,
Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Министрлер Советінің органы

Шығуына
44
жыл

№ 4 (12657), БІЛСЕНБІ, 7 ЯНВАРЬ, 1965 ЖЫЛ. Бағасы 2 тиын.

Зейнел көп уақытты үнсіз өткізді. Зайыбының әлгі бір сөзі көңілін жабырқатып тастады. Жок, бұл пікірмен келісуге болмайды, деп түйді ол ойын.

— Баланы қайтеміз? Комбайнер болу әйелдердің қолына келмейді. Күндіз-түні даада қалай жүрсін үйді тастап?

Раиса Сергеевна ауыр бір күресіні алды ла:

— Бекер айтасын, Зейнел. Қазір әйелдерден шыққан комбайнерлер аз емес ғиғті. Бүгін совхоз басшыларына комбайнерлер даярлайтын курсқа барам деп айтты та қойдым. Ондағы сені түсінер деп ем. Келісімді бер. Жаксы ниетке ара тұрма!

Бұл 1962 жылғы күз күндерінің бірінде ерлі-зайыпты Раиса Сергеевна Носачева мен Зейнел Хасеновтың үйінде бодған әңгіме еді. Сол бір кештегі көп әңгіме ақырында ортақ бір ойға, келелі түйіне әкедді.

Раиса қас бойы совхозда ашылған комбайнерлер даярлайтын курсқа түсіп оқыды. Еңбегі зят кеткен жок, көптем шыға комбайн жүргізуге право алды.

Өткен жылғы ораққа ерлі-зайыпты комбайнерлер ерте бастан әзірленді. Өздеріне бекітіліп берілген комбайндарды бірлесіп жөнелді. Егін пісіп, орақ салынатын мезгіл де келіп жетті. Алғашқы күндерден жұмысқа күшшана кіріскен ерлі-зайыпты комбайнерлер орақтың соңғы күндеріне дейін қызу қарқыннан бір танған жок. Жұмыс қорытындысы шығарылды. Раиса «СҚ-3» комбайнымен 650 гектар алаңның дестесін бастырды. Ал Зейнелдің көрсеткіші 900 гектар.

Раиса Носачева мен қазақ жігіті Зейнел Хасенов 1957 жылы Қызылту тыңында тоғисты. Екі жас ақыл қорытып бақытты семья құрды. Қазір олар тың төскейіне орналасқан «Молодая гвардия» совхозының ежелгі тұрғындары болып алды.

Біздің алдымызда аудандық «Қызылту» газетінің өткен айда шыққан номерлерінің бірі жатыр. Раиса Сергеевна Носачеваның фамилиясы бірден көзге оттай басалды. Озат комбайнер бүкіл Қызылту ауданының қыз-келіншектерін механизаторлық мамандық алуға шақырып, газет арқылы ашық хат жазыпты.

Раиса Носачеваның шақыруы алдымен осы аудандағы «Чернигов» совхозының әйелдері мен қыздарына көп ой туғызды. «Жапай механизатор боламыз!» — ой түйіні, міне, осы.

ӘЙЕЛДЕР БРИГАДАСЫ

Совхозда механизаторлар даярлайтын арнаулы курс ашылды да, оған 22 қыз-келіншек жазылды. Боллашак механизаторлар қазір тракторлар мен комбайндардың құрылысын оқып үйренуде. Сапалы білім алу үшін қажетті жағдайды бөрі жасалған. Мұнда курс тылаушыларына тәжірибелі де білімді мамандар сабақ береді.

Жуырда қызылтулық осы 22 қыз-келіншек бүкіл облыстың әйелдері мен қыздарына хат жазып, оларды механизаторлық мамандық алуға сөйтіп совхоздар мен колхоздарда мүмкіндігіне қарай бірінғай әйелдер бригадасын құруға шақырды. Хатта қызылтулықтар былай деп жазалы: «Ауыл-селола туралы екенісін — текниканы біл, механизатор мамандығын меңгер! Біз механизатор болуға әбден бекіндік. Жеке өзіміздің бригадамызды құруды ұғардық. Біздің пікірімізді совхоз дирекциясы мен партия ұйымы мақұлдады».

Сөйтіп, совхозда әйелдер бригадасы құрылды. Қазір оның құрамында курста оқып жатқан 22 қыз-келіншектен басқа бұрыннан механизатор болып істейтін Валентина Воробьева, Людмила Шарневская, Тамара Гуляйко, Зоя Алексеева, Ольга Кунці сияқты әйелдер бар. Бригада тұқымдық астық өсіретін болады. Бригадаға үш мың гектар егістік жер, әзірше бір «Беларусь», тоғыз шынжыр талбанды трактор бекітіліп берілген. Бригаданы басқару міндеті Зоя Алексееваға жүктелген. Жана құрылған жас бригаданы қамқорлыққа алып, көмектесу үшін совхоз дирекциясы екі тәжірибелі механизаторды — ағайынды Яков пен Петр Кунці осы бригадаға жіберді.

Қазір механизатор әйелдер өздеріне бекітіліп берілген ауыл шаруашылық тіркеу машиналарын жөндеп жатыр.

Облыс совхоздары мен колхоздарының барлық әйелдері мен қыздарын механизатор мамандықтарын меңгеріп, шаруашылықтарда әйелдердің трактор-егіс бригадаларын құруға шақырған черниговтық қыз-келіншектердің үндеуін облыстық партия комитеті мақұлдап, партия комитеттеріне, өндіріс басқармаларына, кәсіп одақ, комсомол ұйымда

рына, шаруашылық басшыларына, совхоздар мен колхоздардың партия ұйымдарына бұл үндеуді облыстың барлық шаруашылықтарында кеңінен талқылап, күлді совхоздар мен колхоздарда әйелдердің механизатор мамандықтарын жаппай меңгеруін және шаруашылықтарда әйелдердің трактор-егіс бригадаларын құру мүмкіндіктерін кеңінен пайдалануды міндеттеді.

«Молодая гвардия» совхозының комбайнері Раиса Носачеваның механизатор мамандығын меңгеруге шақырған хатын бүкіл облыс совхоздары мен колхоздарының әйелдері мен қыздары қызу мақұлдап қарсы алып отыр. Қазір облыста әйелдердің механизаторлыққа үйрету, шаруашылықтарда әйелдердің трактор-егіс бригадаларын құру жөніндегі қозғалыс кең қулаш жауда.

Бұл шақыру Көкшетау ауданындағы «Синферополь» совхозында да қолдау тапты. Совхозағы механизатор мамандығы бар 12 әйел әйелдер бригадасына жазылды. Олардың ішінде Надежда Шербина, Евдокья Валева, Людмила Александрова, Ольга Ядуч және басқалар бар. Бригадаға екі мың гектар егістік жер, техника бекітіліп берілді.

Чистополь ауданындағы «Пришм» совхозында былтыр механизаторлар курсың 22 әйел бітіріп еді. Ал бұған дейін оншақты әйел шоферлік, комбайнерлік мамандық алғанды. Биыл ашылған курс сабағына тағы да оннан астам әйел қатысып жүр. Жуырда олар да әйелдер бригадасын құрды да, бүкіл аудан совхоздарының әйелдері мен қыздарына үндеу арнады. Бұл үндеу де қызу қолдау тапты. Қазір аудан бойынша барлығы жүзден астам әйел мен қыз совхоздардағы механизаторлар даярлайтын курстарда оқып жүр.

Сөйтіп, бастамалан бастама туындауда. Қазір облыстың бірқатар шаруашылықтарында әйелдердің трактор-егіс бригадалары құрылды. Іске сәт!

Ж. ТЕМІРБЕКОВ,
«Социалистік Қазақстанның»
меншікті тілшісі.
Көкшетау облысы.

2. Семей – студенттер қаласы (Семипалатинск – город студентов), 8 января

СССР
СОЦИАЛИСТІК
ҚАЗАҚСТАН

Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің,
Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Министрлер Советінің органы

Шығуына
44
жыл

№ 5 (12658). ЖҰМА, 8 ЯНВАРЬ, 1965 ЖЫЛ. Бағасы 2 тиын.

СПОРТ

СЕМЕЙ – СТУДЕНТТЕР ҚАЛАСЫ

СЕМЕЙ, 6 январь. (КазТАГ). Қазақстанның байырғы жоғары оқу орындарының бірі – Семейдің Крупская атындағы педагогтық институтына 30 жыл толды. Институт жұмыс істеген уақытта сегіз мыңнан астам маман даярлап шығарды. Қазір институт қабырғасында төрт мыңнан астам студент оқиды. Институт жанында қоғамдық негіздегі жұмысшы факультеті жұмыс істеуде. Оған өндірісте жұмыс істейтін жастардан 300 адам қатысып жүр.

Семей – студенттер қаласы. Онда төрт институт, 14 техникум бар. Студенттер мен оқушылар саны 15 мыңға жетті. Жоғары оқу орындары мен техникумдарда оқытушылардың үлкен отряды жемісті еңбек етуде, олардың ішінде бес ғылым докторы мен 110 ғылым кандидаты бар. Қаланың оқу орындары өндіріспен байланысын нығайтып, ғылыми жұмыстармен шұғылдануда.



3. Алматы облысы (Алматинская область), 10 января



АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ. Қаскелең аудандық аурухана қызметкерлері алыстағы «Айдарлы» мал жайылым участогындағы әйелдер босанатын үйдің жанынан балалар яслиін ашты. Мұнда дүниеге келген жас бөбектер бірден тікелей осы яслийге алынады. СУРЕТТЕ: медицина сестрасы ЗАФИПА ИМАНАЛИЕВА сәбилерді ұйықтауға жатқызуда. Суретті түсірген П. Федоров. (ҚазТАГ).

4. Колхоздағы аурухана қалашығы (Больничный городок в колхозе), 26 января

СССР Социалистік Қазақстан

Шығуына
44
жыл

Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің
Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Министрлер Советінің органы

№ 20. (12673).

СЕЙСЕНБІ, 26 ЯНВАРЬ, 1965 жыл.

Бағамы 2 тиын.

ашмалары
нрәк өміл
ынан Си
заманда
алғашқы
төрендік
н қант
н қалың
мүмкін
О жмолық
зақ за
пег көр
лғыла
Кияла
Қиы
Ол
ерілік
тіліне
огла
наулы
күле
ар
де
ма
ма
сқау

● Гурьев облысы. Маңкыстау ауданының «Жапа жол» колхозының колхозшысы Мошак Ниязова — он баланы ағасы. Ол балаларын жақсы тәрбиелеумен бірге еңбектен де көз ұбабай. Мошак қазір түіе отырғанда жұмыс істейді. Суретте: М. Ниязова жолда.
Суретті түсірген А. Құстармен.

● Қостанай облысы. Қостанай ауданы, Красноводское кітапханасының меңгерушісі Клава Диванкина кітапханаларға жылы лебімен қызмет көрсетеді. Суретте: К. Диванкина оқушы В. Котларовке кітап беріп тұр. Суретті түсірген Е. Анхилин.



Колхоздағы аурухана қалашығы

Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігінің коллегиясы жаурады Алматы облысы. Көген ауданының Ленин атындағы колхозының емдеу және санитариялық орындар мен балалар мекемелері қиралыстарын салу тажирібесі жөнінде арнайы мәселе қарайды.

Бұл колхоз өз қаржысына аурухана қалашығы салған. Онда 25 орындық ауруханың негізгі үйі, әйелдер босанатын үйі, амбулатория мен шаруашылық корпустары бар. Қалашықтың барлық үйлері бұмен жолытылады.

Сондай-ақ, бұл колхозда еңбекшілерді ауыз сумен жабдықтау ісі де жаңы жолға қойылған: су құбырлары тартылып, барлық көшпелер бойына колонналар орнатылған. Орталықта монша жұмыс істейді. Колхоз жылжымалы монша қондырғысын сатып алған. Шалғайдағы шопандар бригадаларында да шағын моншалар салынған.

Колхозда 140 орындық балалар

комбинатының құрылысы өрістелуде. Ол құрылыс біткенде қазір балалар бақшасы мен ясли орналасқан үйде балалар ауруханасы болады. Сөйтіп биылғы жылдың өзінде Сарыбастау селосынан балалардың 35 орындық колхоз аралық участондық ауруханасын ашу мүмкіндігі туып отыр.

Әсем табиғаты жерде колхоз санаторийі бар. Жақын арада, балалардың су куюкысы іске қосылып, стадион салына бастайды.

Күн көзінде иап жүтуіне байланысты болатын көз ауруларының шопандарды алдын-ала сақтаудыру мақсатында колхоз басқармасы оларға жүздеген астам қара өйекті көзділік және сондай иапшершеде шағын аптекалар сатып алды.

Колхоз басқармасы мен оның председателі Н. Әшімбаев жолдас өздеріндегі медициналық қызметкерлерге үлкен қамқорлықпен қарайды. Мұнда орта білімді арнаулы мамандығы бар үш медицина қызметкері тұрақты жұмыс

істей жүр. Колхоз төрт жас жігіт пен қызды медицина институты мен училищесіне оқуға жіберді.

Денсаулық сақтау ісін жақсартуға көрсеткен үлкен мөметі үшін министрліктің коллегиясы колхоз председателі Нүсіпбек Әшімбаев жолдасқа алғыс жарқалады. Сонымен бірге Әшімбаевты «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» знаменасымен наградтауға ұсынуды СССР Денсаулық сақтау министрлігінен сұрады.

Алматы облыстық денсаулық сақтау бөліміне биылғы жылдың алташы тоңсанында колхоз ауруханасы мен медициналық пункттерінің қажетті құрал-жабдықтарымен толық қамтамасыз ету тапсырылды. 1965 жылы оқу бітіретіндердің қатарынан колхоздың участондық ауруханасына тағы бір дәрігер және қажетінше медициналық қызметкерлер жіберу ұйғарылды. Сонымен бірге колхоз ауруханасына алыс мал отарларындағы шопандарға дәрігерлік көмек көрсетуді

жақсарту мақсатында санитарлық автомашина бөліңді.

Министрлік коллегиясы Алматы медицина институтының госпитальдық терапия кафедрасы қызметкерлерінің Көген ауданы қамқорлыққа алып, Ленин атындағы колхозда дәрігерлік тірек пункті құру жөніндегі шешімін мақұлдады. Сондай-ақ коллегия Ленин атындағы колхоз басқармасы мен Сарыбастау участондық ауруханасы медициналық қызметкерлеріне коллективтік бірлесу жемісті жұмыс істеу жөніндегі тапсырмасы менен насихаттауды ұйғарды.

В. СИНЕЛЬНИКОВ.

Редактор К. УСЕБАЕВ.



27 январьда
Білімнің программасы: 6.03. 6.04. 13.25.

5. Ауыл-селодағы мәдениет ошақтары (Культурные центры в селах), 9 февраля



Социалистік ҚАЗАҚСТАН

Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің
Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Министрлер Советінің органы

Шығуына
4 4
жыл

№ 32. (12685). СЕЙСЕНБІ, 9 ФЕВРАЛЬ, 1965 жыл.

АУЫЛ-СЕЛОДАҒЫ МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫ

Қазір қыс мезгілі. Ауыл-село еңбеккерлері қауырғат қимыл үстінде. Қоғамдық малды ақ қар, көк мұздан аман шығару, көктемгі егіске сақалдай сай әзірлену — олар үшін ең жауапты міндет. Сонымен бірге қыс айлары — шаруашылық қауымның кітап бетіне, техника тегіне көбірек үңіліп, білім бұлағынан көбірек сусындайтын шағы. Бұған байланысты мәдениет ошақтарының істейтін жұмысы, көрсетер көмегі үлкен.

Республика экономикасы қарыштап өсіп, оның мәдениет мекемелері де жылдан жылға өркен жайып келеді. Қолхоздар мен совхоздардың өзінде ғана қазір 3580 клуб пен мәдениет сарайы, 4250 кітапхана, 4650 киноқондырғы, 400-дей автоклуб бар. Бұларда мыңдаған мәдениет қызметкерлері істейді. Олардың едәуір бөлігі белгілі оқу орындары бітірген, арнайы дайындықтан өткен адамдар.

Демек, ауыл-селода мәдени-ағарту жұмысының өмір тілегіне сай болуы ең алдымен соны жүргізетін адамдарға тікелей байланысты. Кімде-кім өз жұмысын біліп, сүйіп істесе, сол ұтады. Бұл, әсіресе мәдени-ағарту жұмысында ең басты шарттың бірі. Алматы облысының бірқатар селолық аудандарында автоклуб жұмысы жақсы жолға қойылған. Оларға қыстың көкжал бораны, сонау асқар таулардың ар жағында жатқан отарларға апаратын жолдың алыстығы мен бұраланы бөгет емес. Малшыларға мәдени қызмет етуде автоклуб қызметкерлері жұмыстың жаңа түрлерін қолдануда. Қоғамдық негізде жұмыс істейтін шопандар кітапханасы, ерлік еңбек шежіресіне толы кең форматты альбомдар, «экран газеті», көшпелі театр, лекция

сәрсенбілігі, саяси бағдарлама алар кеші, «Сұраныс, жауап береміз блокноты», механизаторлар мектебі — бәрі де өмірдің асыл талабынан туған мәдени-ағарту жұмысының жаңа түрлері. Жамбыл ауданының еңбеккерлері автоклуб мектеушісі Мақсүтбек Кабановты жақсы біледі.

Ол өзі басқарған автоклубта мәдениет университетін ұйымдастырды. Университет советінің құрамында жеті адам бар. Олар сабақ кестесін жасап, оның қашан, қай жерде өткізілетінін белгіледі. Шопандар университет сабағы өтетін күнді асыға күтіп отырады.

Ауыл-селолық жерлердегі көптеген мәдениет ошақтары еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруде партия ұйымдарына ойлағандай көмектесуде. Әсіресе, лекциялық насихаттың мазмұны, идеялық дәрежесі жақсара түсуде. Клубтар жаңа дәстүрлерді тұрмысқа енгізудің бастаушылары болып отыр. Бұл, әрине, жақсы. Алайда, «Социалистік Қазақстан» газетінің редакциясына кейбір мәдениет мекемелерінде тәрбие жұмысына жете мән берілмейтініді, тек бірін-ғай сауық көштерімен шұғылдандығы жайында дабылдар түсуде.

Қазір коммунистік құрылысты кең өрістетуде мәдениет мекемелерінің атқаратын ролі айрықша зор. Клубтар, кітапханалар, кино-театрлар — мәдени-бұқаралық жұмыстарды жүргізуде партия ұйымдарының сенімді көмекшілері. Олар экономикалық мәселелерге терең бойлап, адамдарды ғылым мен техниканың жаңа жетістіктерімен қаруландыруы, еңбектің озық үлгілері негізінде тәрбиелеуі керек.

Мәдениет ошақтары ауыл-селодағы тәрбие жұмысының тіректі пункті болуы тиіс. Коммунизм құрылысының моральдық кодексін жап-жақты насихаттауға, жастарды тәрбиелеуге, діни әдет-ғұрып қалдықтарына, жатыштар жалқаулыққа, біздің коммунистік тұрмыс салтымызға сыйыспайтын қылықтарға қар-

сы күрес жүргізу ісіне баса назар аударған жөн.

Мәдениет ошақтарының жұмысындағы кемшіліктердің негізгі себебі кадрларды дұрыс іріктеп алмауда болып отыр. Мәселен, Қызылорда облысының Кармакшы ауданындағы 32 селолық клубтың 12 мектеушісі соңғы бір жылдың ішінде үш — төрт реттен, ал Сырдария ауданындағы Киров атындағы колхоз клубының мектеушісі жеті рет ауыстырылған. Облыстағы 150 клуб қызметкерінің тек біреуінің ғана жоғары, оныңың ғана арнаулы орта білімі бар.

Ауыл-селода мәдени-ағарту жұмысын кең өрісету оның материалдық базасын нығайтуға талап етеді. Жасыратыны жоқ, бірсыпыра жерлерде мәдениет ошақтарының орналасқан үйлері өлген тозағы жетіп өскірген. Оның үстіне жылдар бойы жөндеу көрмейді. Семей, Жамбыл және басқа кейбір облыстарда күні кешеге дейін клубтарды басы артық құрылыс, «мырзалық» деп санайтын теріс көзқарас болып келді. Клуб, кітапхана халыққа қызмет етеді. Оларсыз мәдени-ағарту жұмысын өрістету мүмкін емес. Сондықтан шаруашылықтардың өз қаражатымен мәдениет ошақтарының үйлерін салу жөніндегі бастамасын қолдау керек.

Қазір жергілікті Советтер сайлауына әзірлік жұмыстары қыза түсуде. Сайлаушыларға коммунистік құрылыстағы ұшан-тегіз табыстарымызды, социалистік демократияның өлшеусіз артықшылықтарын түсіндіруде мәдениет сарайлары, клубтар, кітапханалар маңызды шараларды жүзеге асыруда. Дегенмен, бұл жұмыста кейде асығыстық, баянсыздық байқалып жүр. Мұндай кемшіліктерді тез түзету партия ұйымдарының, мәдениет қызметкерлерінің ардақты борышы.

Қазір барлық ағарту мекемелерінің, соның ішінде ауыл-селодағы мәдениет ошақтарының алдына да үлкен міндеттер қойылып отыр. Сол міндеттердің дәрежесінде болу, еңбекшілер арасында бұқаралық саяси жұмысты барынша өрістету — мәдениет қызметкерлерінің асыл парызы.

6. Жатақхана – өз үйің (Общезитие – свой дом), 13 февраль



ЖАТАҚХАНА—ӨЗ ҮЙІҢ

Карапайым еңбек адамның жақсы тынығуы, жетек жұмыс атқаруы үшін қажетті жағдай жасау — кәсіп одақ ұйымдарының ең басты, абыройлы борыштарының бірі. Ойткені, КПСС Программасына алтын өрішпен жазылған «Барлығы да адам үшін, адамның игілігі үшін» деген жалпы ұранның мән-мақсатына еңбек адамның тұрмыстық жағдайын жақсарту да кіретіні әсіресе өз түсініледі. Осы мақсатпен көпшілікпен бірге, ауылдық ұйымдарындағы, транспорттық, халық шаруашылығының басқа да салаларындағы саат басты жұмысшылар мен инженер-техниктер тұратын жатақханалардың жұмысын жақсартуға үлкен маңыз беріп отырмыз. Жатақханаларда жүздеген адамдар тұратыны мәлім. Олардың арасында елге та, көрі де бар. Мұның өзі жатақхана тұрғындарының жас, мамандық ерекшеліктері ескере отырып, жұмыс жүргізуді қажет етеді.

Мысалға «Соколовстрой» трестінің екінші жатақханасын алайық. Онда төрт жүзге жуық жұмысшы, қызметші тұрады. Жатақханада мәдени-тұрмыстық совет бар. Оны кәсіп одақ активісі Замарев жолдас басқарады. Бұл совет тұрғындар арасындағы саяси-тәрбиә және мәдени-тұрмыстық жұмыстармен айналысады. Советтің бірнеше қоғамдық ұйымдары бар. Олар — халық жасақшылары, көркем өнер үйірмелері, спорт секциялары және басқалары. Жатақхана тұрғындары осы ұйымдардың жұмысына белсене қатысады. Атап айтқанда, жиырма адам «Юность» атты ансамбльге мүше, отыз адам мәдениет университетінде оқиды. Ал спортшылар қала бойынша теннис ойыны жөніндегі жарыста екі жылдан бері алдына жан салмай келеді. Мұнда екі жүзден аса жас жұмысшы түрлі оқу орындарында сырттан оқиды. Сөйтіп, жатақхана тұрғындары күнделікті өмір талабына сай еңбек пен оқуды ұштастыра жүргізуде.

С. ҚҰСАЙЫНОВ,
Кәсіп одақтарының Тың өлкелік советінің председатели

Мұнда жатақхана тұрғындарының тынығуына, оқуына, қоғамдық жұмысқа белсене қатысуына қажетті жағдайдың бәрі жасалған. Жатақхана ішінде үлкен асхана, дүң, оқу залы, қызыл мүйіз жұмыс істейді. Артық заттарды сақтайтын қойма, киім ілетін, жұмыс киімдерін кептіретін кір жуатын орындар өз жұмыстарын тұрғындар мүддесіне сай етіп құрған. Жатақхана жылы, жарық, кең. Тұрғындар өз үйіндегідей еркін жүріп-тұрады.

Жатақханада саяси-шаруашылық, медициналық, ағенеттік және басқа тақырыптарға жиі-жиі лекциялар оқылады. Әдеби кештер, өңірлік озаттарының кездесуі, мәдени жорықтар ұйымдастырылады.

Жатақхананың күнделікті жағдайына тресттің партия, кәсіп одақ және комсомол ұйымдары да үнемі көңіл бөліп отырады. Мұның өзі трестте құрылысшылардың бір жерде тұрақтап, өнімді жұмыс істеуіне жағдай жасауда.

Немесе Павлодар тұрғын үй құрылыс трестінің жатақханасын алыңыз. Бұл — бес қабат үй. Онда жеті жүзге тарта адам тұрады. Осы үлкен тұрғын үйдің әр қабатында кафе жұмыс істейді. Онда тағамның әр түрі бар. Жатақханада тұрмыстық қызметтің ойдағыдай ұйымдастырылуы арқасында жұмысшылар алаңсыз еңбек етеді.

Өлкеде тұрғындарға өз үйіндегі жайлы жатақханалар аз емес. Көкшетау облысындағы жатақханаларда іс ойдағыдай ұйымдастырылған. Облыста жатақхана жұмысына халықтық байқау жиі ұйымдастырылады. Істегі олқылықты коллектив болып түзейді. Байқауда үздік шыққан жатақханаларға грамоталар, бағалы сыйлықтар беріліп тұрады. Мәселен,

кәсіп одақтарының облыстық советі өткен жылы жатақханаларға ақшалай оң сыйлық берді. Мұндай шаралар жатақхана коллективтерінің қоғамдық тәртіпті сақтауға белсене араласуға ынталаныра түсті. Тұрғындарға жақсы тұрмыстық жағдай жасаған жатақхана коллективтеріне сыйлық беру өзісі өлкенің барлық облыстарында қолданылауда. Қазіргі уақытта «таңдаулы жатақхана» жолындағы жарыс кең қанат жайды. Кәсіп одақтарының Көкшетау облыстық советінің жатақханалардағы жұмысты басқару үлгілерін көтермелеп, сыйлықтар беру ісін Қазақстан кәсіп одақтар советі мақұлдап, мауы алды. Біз бұл игі істің кеңінен тарату үшін бірнеше шаралар белгілеп, іске асыруға кірістік.

Кәсіп одақтарының өлкелік советі жатақхана тәрбиешілері мен жеті күндік семинар өткізді. Мұнда жатақханада мәдени-тұрмыстық қызмет ұйымдастыру және басқа мәселер талқыдалып, тәрбиешілер өзара пікір алды. Жатақханаларды төсек-орынмен, мебельдермен жабдықтау мәселесі де көңілге сөз болды. Семинарда Павлодар алюминий заводы, Соколов-Сарыбай көй-байыту фабрикасы, «Қазақсельмаш» заводы жатақханаларының өнегелі ісі ерекше атап көрсетілді.

Шынығы айту керек, бізде жатақхана жұмысына мән бермей жүргендер де бар. Жас жұмысшылардың тұрмыстық жағдайына жеткілікті көңіл бөлмегендіктен кадрлардың өндіріске көп тұрақтамай кетіп қалатынын олар ескерер емес.

Өлкенің кәсіп одақ ұйымдары алдағы уақытта да өзінің күнделікті жұмысында жатақхана мәселесіне үнемі көңіл бөліп отырады. Ойткені, ол — коллективизм сезімін, туысқандық достықты, бауырмалдықты қалыптастыратын атын ұя. Сондықтан біз жатақхана тұрғындарының өскелең талап-тілегіне сай болуына қажетті жағдайдың бәрін жасауға күш-жігер жұмсаймыз.

Өткен жылы біз...

7. Алматының екінші микроауданында (Во втором микрорайоне Алма-Аты), 13 февраля

...ЕЛДЕРДІН ПРОЛЕТАРЛАР, БІРІГІНДЕРІ

СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН

Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің
Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Министрлер Советінің органы

Шығуына
44
жыл

№ 36 (12689). СЕНБІ, 13 ФЕВРАЛЬ, 1963 жыл. Барғасы 2 тиіс

АЛМАТЫ ЖЕРІНІҢ

Қазақстанның геология-мәс пайдалы қазба байтадан ашылған қырық отыр. Республиканың лары соңғы жылдың запарлары, цемент г, боксит, отқа төзімді у жұмысын едәуір ұл-ойнауындағы қазына п отыр. Мұнда каолин-оның запасы жиырындымен Қазақстанның ызы бар кен болып атыс жағынан калий ды. Бұл — мұнда хи-у үшін жаңа перспек-геологиялық барлаушыла-күкірттің, балкымәс басқа шикізаттар-ын зерттеу жұмыста-



Алматының екінші микроауданында тұрғын үйлермен қатар № 157-ші балалар комбинаты салынған еді. Қазір мұнда 140 жас балдырған тәрбиеленеді.

— Гуля, сен он екі сантиметр өсіпсің, — дейді медсестра Л. Нисветаллова.

Шынында да мұнда жас бөбектердің өсіп, шыңғып, жаңа жақты тәрбиеленуіне жағдайлардың бәрі бар.

Суретті түсірген П. Федоров. (КазТАГ).

8. Бір семьяда он диплом (В одной семье десять дипломов), 20 февраля



84 жастағы Қазкен Кәлбекованың үйінде үлкен той. Семья дәстүрі бойынша оған жоғары білім алғандығы жөніндегі оныншы диплом сақтауға тапсырылды. Бұл дипломы Алматыдағы қыздар педагогикалық институтының сырттан оқу бөлімін бітірген келіні Құлтай әкелді. Үй иесін дос-тарты мен таныстары құттықтады. Қазкеннің балаларының бәрі де жоғары білім алды. Сауатсыз

Бір семьяда он диплом

қазақ әйелінің үлкен ұлы Әбділқай қазір статистикалық техникумның директоры, аспирантурада сырттан оқиды. Екінші баласы Қажет — тарих ғылымының кандидаты. Мұхитдин — экономика институтының қызметкері. Ал оның әйелі Мариям — орта мектептің мұғалімі, Медицина ғылы-

мының кандидаты ғылыми дәрежесін алуға дайындалып жүрген Мұшқат пен Фахрид та мұғалім.

Шымкенттегі технологиялық институттың студенті Сәуле таяу уақытта әжесіне он бірінші диплом әкеліп береді.

(ТАСС-тілшісі).

Жамбыл.

9. Аурухана деуге ұят (Стыдно назвать больницей), 17 марта



← Редакцияға хат **АУРУХАНА ДЕУГЕ ҰЯТ**

Алды шарבקпен қоршалған осы бір үйдің көркі көңіліңе қаяу салғанды. Соншалық жұртымыз бұл үйді Шымкент облысы, Сайрам ауданындағы XXII партсъезд атындағы совхоздың ауруханасы дегенге ешбір сенгің келмейді. Осындай дәулетті совхоздың сәулеті де жаман болмаса керек еді ғой деген ой мазалайды сізді.

Бірақ қайтесіз, нақты жағдай осындай: «Селолық аурухана» деген жарнама сол үйдің маңдайшасынан «менің орным бұл емес» дегендей, аңадайдан көзге шалынады. Үйдің өбден тозығы жеткен. Қабырғаларының омырылғанын былай қойғанда, шатыры да майысып, саңлаулары көбейе түсіпті. Село тұрғындарынан аурухана үйінің осыдан отыз жыл бұрын салынғанын естігенде бұл таңданбайсыз да. Өйткені, уақыт бір орнында тұрмайды ғой. Ол өмірге өз таңбасын түсіреді. Уақыт озған сайын тұрмыс та өзгереді, тұрмыс мәдениетіне қойылар талап-тілек те өртады.

XXII партсъезд атындағы совхозда аурухана салу жайында соңғы жылдары аудандық Совет атқару комитеті бірнеше рет арнайы мәселе қараған еді. Ақырында ше! Арнайы участок бөлінсе де, оның маңында аурухана қызметкерлері бау-бақша өсіретін болып тілек білдірсе де, ешбір іс бітпеді. Белгіленген шаралар жалаң сөз күйінде қалды.

Мұның бер жағында совхоз халқының саны жылдан жылға өсіп келеді. Оның қазіргі ауруханасында небары 35 кісілік орын бар. Шаруашылықтың жеті фермасының ешқайсысында да аурухана болмағандықтан, қатты сырқаттылар осында жіберіледі. Сөйтіп, лаждың жоқтығынан 35 кісілік ауруханада әрдайым 50—55 адам өмделеді. Оның үстіне аурухана бөлмелері тар, терезелері шағын, еден тақтайлары да көнерген. Осындай жағдайда ауруларды өмдеудің өзі медициналық талаптармен сыйыспайды.

Ауруханада медициналық қызметкерлердің алаңсыз еңбек етуіне де нақты қамқорлық жа-

салмаған. Оның «жедел жәрдем» машинасы жоқ. Сонау 1951 жылы алынған «ГАЗ-51» маркалы бір автомашинаның жүреді. Ол машинаның жүргенінен бұзылғаны көп. Мұның өзі орталықтан 20—25 километр қашықтықтағы фермалардың ауру-сырқауға ұшыраған адамдарын уақтылы емдеп тұруға үлкен қиындық келтіруде. Тағы бір қиыншылық жай— дәрігерлер жетіспейді.

Смета бойынша мұнда жеті дәрігер жұмыс істеуі керек еді. Содан жоғары білімді бір ғана терапевт-дәрігер бар. Ол — аурухананың бас дәрігері И. М. Некрасов жолдас. Ал село халқының ауруханаға жұмыс істеуге дәрігерлер жіберуді сұраған өтініштеріне әзірге ешкім құлақ аса қойған жоқ.

Совхоз ауруханасының үй жағдайы жақсартылып, дәрігерлермен толық қамтамасыз етілуіне, барлық кемшілігі түзетілуіне Сайрам аудандық Совет атқару комитеті шұғыл шара қолданар деп сенеміз.

Д. ДҮЙСЕНБАЕВ.
Ішкікент облысы.

10. Магазиннен қуаныш көрдік (Увидели радость от магазина), 27 апреля

СССР
СОЦИАЛИСТИК ҚАЗАҚСТАН
 Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің
 Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Министрлер Советінің органы
 Шығуына 44 жыл
 № 98. (12751) СЕКСЕНБІ, 27 АПРЕЛЬ, 1965 жыл. Бағасы 3 тиын.

27 апрель, 1965 жыл. № 98 (12751).

МАГАЗИННЕН ҚУАНЫШ КӨРДІК

Алматы қаласы. 25 апрель. Сағат 8. Біз Орталық Универмагтың алдында тұрмыз. Бұл ірі сауда орнына халықтың қашанда көп келетіні белгілі. Бірақ, дәл бүгінгідей көп адам жиналмаған шығар. Магазин сағат 9-да ашылуы тиіс. Ал оның алдында тұрғандардың санында есеп жоқ. Барлығының да жүзінде қуаныштың қаны ойнап, әлденеге асыққандық байқалады.

Мұның өзінше себебі де бар. Бүгінгі бағалары белден бір сымсылып, олардың жанынан арзандатылған жана бағалары жазылған. Мәселен, бұрынғы бір метр бастон матасының бағасы 38 сом 90 тиын болса, қазір ол 30 сом болған. Кеше ғана 125 сом тұратын «Киев-4» фотоаппараттары — 35 сом арзандапты. Осылайша арзандаған заттарды тіпті айтып бітіруге болмайды.

Мына бір жұбайлардың қуанышын қараңыз. Локомотив депосының жұмысшысы Константин Кузьмич Савицкий пен оның зайыбы Алевтина Федоровна Ляпина жүн маталары секциясынан 3 метр костюмдік трико өлшетіп алды да, көздері қуанышпен күлімдеп, өздерінше бірденені қызу талқылап бара жаты. Жандарына келіп жағдай сұраған бізге Алевтина Федоровна жауап берді. — Костяға костюм алуға біраздан бері ақша жинап жүрмебіз. Кеше ғана костюмдік триконың метрі 30 сомнан екендігін көріп, үйден ақшамызды 3 метрге тұралап әкелген едік. Сөйтсек, бүгін оның метрі 25 сомнан болып қалыпты. 15 сомның артылып отыр. Бұған да бір бұйым алуға болады емес пе?!

Ал Евдокима Михайловна Зикратованы біз плащ сатып алып тұрған жерінен кездестірдік. Бұл кісі алғашыдан тұрған 26 сом 10 тиынның плащы 24 сомға түсіпті. Евдокима Михайловна мемлекеттік банкте үй сыпырушы болып істейді екен. Биыл өзінің жалақысы 10 сом өскенін айтады, тағы да өсе түспек деп қуанады. Міне, оның жалақысы жылдан-жылға өсіп отырса, товарлардың бағасы қабат аяқталмай қала ма?!

— Бұрын күніне 20 шақты-ақ костюм сататын болсақ өткен күні 75 костюм саттық, — деді аға сатушы Зоя Афанасьевна Петошина.

Магазиннің бухгалтериясындағы жолдастар мынандай цифрларды көрсетті: Орталық Универмагтың филиалдарын қоса есептегенде бұдан бұрынғы жексенбіде 140 мың сомның товарлары сатылса, кешегі, 25 апрель күнгі жексенбіде 170 мың сомның товарлары сатылыпты. Осы бір цифрлардың өзінен де бұл күнгі халықтың көңіл күні айқын көрінгендей.

Т. БЕРКІМБАЕВ.

СУРЕТТЕ: Алматыдағы № 4 «Гастрономның» сатушысы М. ҒУМАРОВА арзандатылған балықпен саудалай бастады. Суретті түсірген П. Федоров.



11. Әйелдердің екі жүз кәсіпорны (Двести женских предприятий), 10 июля



Әйелдердің екі жүз кәсіпорны

Алматыдағы мақта мата комбинатының бірінші кезегінде жабдықтарды реттеу жұмысы аяқталып келеді. Бұл кәсіпорынның цехтарында бес мыңнан астам әйел жұмыс істейтін болады. Комбинаттың жобалық қуаты — жылына 55 миллион метр мата тоқып шығарарлықтай.

Негізінен әйелдер еңбек ететін кәсіпорындар республикамыздың металлургия, кен және химия өнеркәсіптері дамыған қалаларында салынып жатыр. Өнеркәсіптің мұндай салаларында әйелдердің еңбегін қолдануға олардың денсаулығын сақтау жөніндегі заңдар шек қойған.

Мысалы, көмір өндіру бассейнінің орталығы — Қарағандыда аяқ киім және ұйық-шұлық фабрикасы салынады. Негізінен мыс рудасы өндірілетін Жезқазғанда — трикотаж фабрикасы салынып жатыр.

Соңғы бір жарым жылдың ішінде Қазақстанның қалаларында жеңіл және тамақ өнеркәсібінің 200 фабрикасы мен цехтары іске қосылды. Бұл кәсіпорындарында еңбек етушілер негізінен әйелдер. (ҚазТАГ).

№ 224. (12377).
СӘРСЕНБІ
22
СЕНТЯБРЬ
1965 жыл.
Шығуы 44 жаз.
Бағасы 2 тиын.

СОЦИАЛИСТІК КАЗАҚСТАН

Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің,
Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Министрлер Советінің органы

БҮГІНГІ АУЫЛ БЕЙНЕСІ

БІЗДЕ ДӘРІГЕР БІР ҚЫЗ БАР

Саяси Советтің сессиясы басталғанына біршама болған. Барлығы өдеттегідей ыншынсыз жүріп жатқандай еді, кенет орта бойлы, сымбатты, қара торы әйел сөз алып, мінбеге көтерілді. Бұл совхоздағы аурухананың бас дәрігері — Балдәш Кенжеханова еді.

Оның мінбеге көтерілуі совхоздың бас зоотехнигі Алексей Федорович Ковалевич шымбына батып-ақ кеткендей болды. Ардасынан мұндай тер шығып жүреді дүрс-дүрс соғып өткендей болды.

Балдәштің совхозта қызметке келгеніне жеті-сегіз айдың жүзі болды. Өткен жылдың ионы айында фальдшерлік пунктті құрып алынсымен оның бар-жоғын түгендеді. Емханана үш сұрады. Алды. Көлік талап етті. Қанағаттандырылды. Ауруханаға жайлы төсек, дамды ас қажет деді. Оны да алды. Әйтсе де оған әлі аз...

Алексей Федорович бас дәрігермен қарым-қатынасты, тіл тапты деп жүрші еді, онысы екіншілік екен. Бірде ол асығыс екі иығынан демін алып жетіп келді. Өң-шай жоқ, маңшымаңды бір де бердің астына алды. Өз көлігі бола тұра сонау құрма, малшылар аулындағы бір науқасқа барғанын дейді. Мен қызырсып қалған.

Балдәш оны енді сессия мәжілісінде айтып берді.

— Біздер 1965 жылға арналған бюджетті талқылап отырмыз, — деді Балдәш. — Бұл істе де айтар сөз,

толықтырар пікірлер көп. Қаржының ретті, яғни тиімді жұмсалымы — совхоз экономикасы мен мәдениетінің жақсара беруіндегі басты шара. Мен өз басым мектептердің, медициналық және мәдени орындардың жұмысына күтілетін қажырлық жасау басшылардың қасиеті борышы деп білем. Әйтсе де осы тұста кемшілік бар. Совхоздың бас зоотехнигі бұл жағынан үнемі сырттап жүреді. Ал кейде көп ұшым бермей қолының қайтерсің, біз орталықтағы медициналық қамту ісін бір жүйеге келтірген сияқтымыз. Ал алыс мал отарындағы істеріміз маз емес, аясап жатыр. Қатынас жағы нашар. Малшылар сөмкесімен жиі-жиі байланыс жасасу жағы өзір дұрыс жолға қойылған жоқ. Біздегі жедел жәрдемнің жеңіл машинасы құнды, борбас жолда жүре алмайды. Фахтіге жүгірелік... — Балдәш фактілер келтірді. Өр сөз бас зоотехниктің жанына сәдеқ жемесіндей қадалып жатыр.

Көңіл көңіл адам өзі, бүкіл құрым алдында менің беп-бедәлімді сонша түсіргені несі! Осымен абырой, атаққа ие бол қалмақ па... Әлде осы істерге шын-ақ жауы шыншайын жан ба бұл. Қарап отырсаң, Балдәш келгені мәдени, медициналық жұмыстардың қанат жайғаны да рас. Ендіше бұл сынық несі шам, несі ағат маған... Қайта бұл дәрігер аулымыздың үлкен мақтаншысы — шолпан жұрдымына айналып отырған жоқ па... —

Алғы бір көрмек ойды таптап өткен бұл шешім Алексей Федоровичтің тұра бойын осы тұста қулаң-таза сергітіп жібергендей.

Бас зоотехник жауыматты. Институт қабырғасынан шыққанына екі-үш жыл болған жас дәрігер совхозға келген аз мерзімнің ішінде көңіл толарлық көп жұмыс істеді.

...Екі қатарлы үйдің кіре берісінде науқастарды тіркейтін бөлме. Ақ халат киген кезекші сестра Гәлә Вейднер сырқаттарды ілтипатпен қабылдап жүр. Белмелерде тазалық қыздартады. Надя Коваленко, кезекші сестра Гәлә Вейднер, санитаркалар Елизавета Соколова, Надя Мазура, алыстағы мал отарларын қамтитын фальдшер Елдокия Маклакова, тағы басқиларының есімін бас дәрігер аса құрметпен атайды. Бұлар совхоз жұмысшыларының ауылдан тастанбайтын құрмет иелері екен. Өрине, бұл да қалтықсыз қызметтің тул жарған өкілдері, бал шырыны іспеттес. Бізде шыншайын сөзімізге бөленген де осы жалдар еді.

Совхоз ауруханасын аралаған се-

— Яғни оның бас дәрігері, село жұмысшыларының кадрімен Балдәш Кенжеханова деген сүйсіменділігі арта түседі. Дәрігер өзінің тікелей қатысуымен жүзеге асырған жұмыстарының екінші бір қырларымен жабыдталған түрлі кабинеттерімен таныстыра бастады.

- Физикабинет,
- Тіс кабинеті,
- Реактив кабинеті,
- Операция бөлмесі,

Осы тұста бас дәрігер сөп мүдірді де, көз жанынан совхоз директорымен ауларды.

- Федор Савельевич, бір хирургтің зәрі өтіп тұр. Соны тауып алуға көп ұшын барсаңыз. Сонда сіздерге сабылтып, мазалай беруді мүлде дегерар едік.
- Уаде той,
- Уаде!

— Онда хирургті де табармыз. Ауылдағы бас дәрігер Шарук жолдесі бізден аса бір берген сөзі бар еді. Ол да қол ұшын беріп қалар.

Осы жайды өз құлағымен естіген бас зоотехник ауыр жүкті үстінен

сыпырып түсіргендей, жөкірек көреден алды да:

— Төгі бір шешімі алқымға тең қалып жүр еді, сіз құтқарып кеттіңіз, Федор Савельевич! — деп өзі-шын аралас осы дәрігер өйленген сүзкіреке болып қалғанын аңғартып алды ол. — Бұл жайға бәрі де бір-бір күлісті. Балдәш шыңында да бұл істі тындырғанды өтпей тынбайтыны бершеге аян еді.

— Балдәш Кенжеханова! — деді алдына кіріп келген ақ құбы қыз. — Көші сөзіңіз білет алып қойдың, береміз ба!

- Әлбетте, береміз. Неше адам!
- Оң ұш,
- Жасың!
- Өр апа сайын киноаппаратқа мәдени жорықтар жасап тұру салтымыз еді, сол той, — деді дәрігер өйел ақ құбы қыз шығып кеткен соң. Осы сөз дәрігер өйелдің өңінен өмәттік пен қос шыншай мейірбандықтың нышаны аңғарылғандай еді.

И. ИМАНҚЛОВ,
Алматы облысы,
Талдыкорған ауданы,
Қапал үлгі-тірек шерушылығы.

РАДИО

18 сәуірт

Бірінші программа: 6.00, 8.00, 12.30, 16.30, 20.00 — Соғыс хабары, 6.15, 9.00, 10.30, 11.40, 12.00, 15.00, 21.00 — Москвадан трансляция, 7.40 — Төртінші ашық: 9.15

ТЕЛЕВИЗИЯ

«Шығала» творчестволық бірлестігінің программасы

17.55 — Хабарлар программасы, 18.00 — Әңгіме — жиналыстар, 18.15 — Нақылдам құбыласы, «Идеалық шығуы мекте-

рады алды». Хабар, 20.35 — Музыкалы сөздік, 21.00 — «Сөз төгері», Әдебиет және 21.30 — «Алғашқы келген қыз бөлек», 22.00 — «Кім жағасын өтпегенде», Калочка, 23.00 — Соғыс хабарлар.

ТЕАТР

13. Жақынды пайдалануға берілген №11 Алматы клиникалық балалар ауруханасының операциялық блоктары мен лабораториялары, емханалары осы заманғы аспаптармен жабдықтапған (В недавно открытой детской больнице №11 г. Алма-Аты операционный блок и лаборатории, поликлиники оснащены современным оборудованием), 22 сентября



Жақында пайдалануға берілген № 11 Алматы клиникалық балалар ауруханасының операциялық блоктары мен лабораториялары, емханалары осы заманғы аспаптармен жабдықтапған. Суретте: аурухананың бөлім меңгерушісі дәрігер К. Есенова мен профессор А. Авенирова (оң жақтағы) сәбидің денсаулығын тексеру үстінде.

14. Демалыс үйі (Дом отдыха), 4 ноябрь

